

**Тыңшылық (детективтік) және күзет қызметімен байланысты қызмет көрсететін мемлекеттік емес құрылымдарға жәрдем көрсету жөніндегі іс-шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 11 қыркүйектегі N 303. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.01.16. N 14 өкімімен. ~R980014

Қазақстан Республикасының Үкіметіне тыңшылық (детективтік) және күзет қызметімен байланысты қызмет көрсететін мемлекеттік емес құрылымдардан оларға тиісті рұқсаттамалар алуға жәрдем көрсету туралы өтініштер келіп түсуде, мұның өзі олардың қызметтерін реттеу жөнінде қосымша шаралар қабылдаудың қажеттігін көрсетеді. Бұл ретте мұндай қызметтердің лицензиялауға жататындығын ескерген жөн, ал Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі лицензиар болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты және "Бәсекелестікті дамыту және монополиялық шектеу туралы" Қазақ ССР Заңына және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес, күзет қызметі саласында бәсекелестікті дамыту, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша жағдайлар жасау мақсатында:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

тыңшылық (детектив) және күзет қызметімен байланысты қызмет көрсететін мемлекеттік емес субъектілердің тапсырыстары бойынша оларға күзет қызметін жүргізуге, қызметтік-штаттық қарулар, жеке қорғану және жедел қорғаныс құралдарын алуға және пайдалануға заңда белгіленген тәртіпте кедергісіз қажетті лицензиялар, патенттер мен рұқсаттар берсін;

жоғарыда аталған субъектілерге өз штаттарына есептеу үшін оларға тиісті куәліктер берумен, күзетшілерді даярлау және оқыту ісінде әдістемелік көмек көрсетсін;

тыңшылық (детектив) және күзет қызметімен байланысты қызмет көрсететін мемлекеттік емес субъектілердің лицензиялық ережелер мен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын сақтауларына тиісті бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК